

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

«КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ»

Әбсатова Дилназ Қанышқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

Құқықтану бағытының 2 курс студенті

absatova.dilnaz7@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.д., профессор Ибрагимов Ж.И.

Бұл мақалада кәмелетке толмағандардың құқықтық жауапкершілігі қарастырылады. Осы салаға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар, әкімшілік құқық бұзушылықтар сипатталған. Сондай-ақ Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы және оған жаза тағайындау туралы мәселелер, Жазаның негізгі түрлері, Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен күтіп-бағу жауапкершілігі мәселелері талқыланады. Бұл мақала кәмелет жасына толмағандардың құқықтық жауапкершілігі туралы түсінік береді.

Кәмелеттік жасқа толмағандар болып, әкімшілік құқық бұзушылық жасау кезінде 16 жасқа толмағандар есептеледі. 16 жасқа толмағандар үшін әкімшілік жауапкершілікті ата-аналары өтейді. Ал ҚР Қылмыстық Кодексінің VI бөлімінде кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы қарастырылған ҚР ҚК-нің «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» жөніндегі бөлімінің 80 бабының бірінші бөлігінде 1. Осы бөлімнің күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады. 2. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандарға жаза тағайындалуы мүмкін не оларға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін екені белгіленген [1].

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға жазаның негізгі түрлері қамтылған. Дәлірек айтқанда, әкімшілік жаза — әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап бір айдан, ал созылмалы құқық бұзушылық үшін — оны анықтаған күннен бастап бір айдан кешіктірмей тағайындалады. Егер кәмелеттік жасқа толмаған тұлға әкімшілік жаза тағайындау туралы қаулының орындалуынан кейін алты ай жаңа құқық бұзушылық жасамаса, онда ол әкімшілік жазаға тартылмаған болып саналады. Ал екіншісі, егер кәмелет жасына толмаған тұлға әкімшілік құқық бұзушылықты алғаш рет жасаса, онда уәкілді орган (лауазымды тұлға) оны әкімшілік жауапкершіліктен босатып, оған тәрбиелік ықпал жасайтын шараларды қолданады [2]

Тәрбиелік ықпал ету шараларына :

- заңды түсіндіру;
- ата-аналардың немесе олардың орнындағы адамдардың немесе мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;
- келтірілген зиянды өтеу міндетін жүктеу;
- бос уақытын шектеу және оның мінез-құлқына ерекше талаптар қою.

Келесі Қылмыстық кодекс бойынша кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлеріне тоқталсақ:

- 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 2) айыппұл;
- 3) түзеу жұмыстары;
- 4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 5) бас бостандығын шектеу;
- 6) бас бостандығынан айыру болып табылады.

Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігінің бір айырмашылығы — ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіргені немесе терроризм актісі үшін не қылмыстық құқық

бұзушылықтардың біреуі ауырлататын мән-жайлар кезінде адам өлтіру немесе терроризм болып табылатын олардың жиынтығы бойынша он олар үшін бас бостандығынан айыру мерзімі он екі жылдан аспауы керек. Кәмелетке толмағандарға өмір бойына бас бостандығынан айыру және өлім жазасы қолданылмайды [3].

Осы тұста айта кететін мәселе, бала үшін отбасы - алғашқы жетіліп өсетін орны. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабының 2-тармағында: "Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу-ата-ананың етене құқығы әрі міндеті" деп көрсетілген. Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы заңда ғана емес, және де Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде де көрсетілген.

Мысалы: ҚР Қылмыстық кодексінің 194-бабы. Қорқытып алу.

Қорқытып алушылық, яғни күш қолдану не бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді не жариялануы жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді тарату қатерін төндіріп бөтеннің мүлкін немесе мүлікке құқықты беруді немесе мүліктік сипаттағы басқа да әрекеттер жасауды талап ету. Қазіргі уақытта мектептерде былайша айтқанда буллинг, кибербуллинг, бопсалау әрекеттері орын алып жатады. Ер балалар арасында, қыздармен салыстырғанда көбірек болады. Осындай буллинг, кибербуллинг, кемсітушілік болған тараптардың кесірінен сол жағдайға түсетін адамның суицидке дейін жету мүмкіндігі байқалады. Еліміздің болашағы балалар, ал балалардың құқығын қорғау – еліміздің басты құндылықтарының бірі.

Келесі кәмелетке толмағандардың ӘҚБ бойынша қоғамда жиі кездесетін құқық бұзушылықтар: ҚР Әкімшілік Кодексінің 434-бабы Ұсақ бұзақылық

Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларды қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды бүлдіру, ортақ пайдаланылатын орындарды, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарда коммуналдық қалдықтарды шығару және айналасындағыларға құрметсіздік білдіретін, қоғамдық тәртіп пен жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер, -бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. ҚР Әкімшілік Кодексінің 442-бабы бойынша: Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз ойын-сауық мекемелерінде болуы –заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – заңды өкілдеріне жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады [4].

Статистикаға қарайтын болсақ, 2023 жылдың 7 айының қорытындысы бойынша кәмелетке толмағандар 17 қылмыс жасады. Қылмыстың негізгі түрлері ұрлық, алаяқтық, тонау, зорлау, ұрлау, денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру болды. Талдау көрсеткендей, қылмыс болудың басты себебі - ата-ананың баласына деген көңіл аудармауы, қадағалау, бақылаудың болмауы. Қазақ даналығында «Тәрбие тал бесіктен басталады» деген сөз бар, сол себепті баланың тәрбиесіне көңіл бөлу отбасына да, қоғамға да пайдалы. Осы тұста айта кетсек, Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-аналардың табиғи құқығы мен міндеті болып табылады [5].

Қорытындылай келе, кәмелетке толмағандардың қылмысы бүгінгі таңда ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады, өйткені ол болашақ ұрпақтың болмысына кері әсер етеді және осылайша қоғамның дамуын артқа тартады. Қылмыстық жазаны тағайындаудың басты мақсаты – кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды дұрыс жағына түзеу және қайта тәрбиелеу. Бірақ, олардың болашағы қалай болатыны бізге беймәлім. Сол себепті, біз олардың болашағына сеніммен қарауымыз қажет. Бұл мемлекеттің құзырындағы ғана мәселе

емес, сондықтан ел болып белсенді алдын алу қызметін жүргізу мәселесін бірінші орынға қоюға ықпал етуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://sc0006.stepnogorsk.aqmoedu.kz/content/ob-administrativnoy-i-ugolovnoy-otvetstvennosti-nesovershennoletnih>
2. <http://degdar-news.kz/2023/06/03/k-meletke-tolma-andardy-ylmysty-zhauapkershiligi/>
3. https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Кәмелеттік_жасқа_толмағандардың_әкімшілік_жауапкершілігі
4. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P02000006S>
5. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mvd-pavlodar/press/news/details/604585?lang=kk>

УДК 340

СОСТОЯНИЕ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ВЫСШЕГО И ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Галиакбарова Гузаль Газинуровна
galiakbarova_gg@enu.kz

И.о. доцента кафедры конституционного и гражданского права
ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

В прошлом году исполнилось 95 лет со дня появления в Казахстане первого высшего учебного заведения (в 1928 году был образован Казахский государственный университет, ставший позже Казахским педагогическим институтом).

Каково нынешнее состояние казахстанского высшего и послевузовского образования, в том числе в вопросе правового регулирования?

Ни для кого не секрет, что до недавнего времени система высшего и послевузовского образования в Казахстане была подвержена чрезмерному государственному контролю. Это наследие социалистического прошлого, где образование на всех уровнях строго планировалось и управлялось «сверху». Однако текущие реформы в этой сфере демонстрируют стремление Казахстана к внедрению новых подходов, основанных на передовых мировых тенденциях. Так, например, в последние годы государство, стремясь повысить качество подготовки специалистов, сократило количество вузов, ужесточило требования к их лицензированию, а также предоставило им больше академической свободы. В Послании Президента Республики Казахстан (далее – РК) от 17 января 2014 года «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» сказано, что «необходимо планомерно приступать к постепенному переходу ведущих университетов к академической и управленческой автономии» [1].

Учитывая быстрое экономическое развитие стран Азиатско-Тихоокеанского региона прогнозируется, что в ближайшем будущем большинство населения планеты будет относиться к среднему классу, для которого высшее образование имеет центральное значение. Это означает, что произойдет рост спроса на высшее образование. Как следствие, количество студентов, обучающихся в вузах, вырастет с 4% мирового населения в 2012 году до 10% к 2040 году [2]. В то же время, согласно Всемирной декларации о высшем